

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

4. Van Reybrouck, D. (2018). Against elections: the case for democracy. [United States], Seven Stories Press.

УДК 329.735

САЯСИ РЕПРЕССИЯ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ МОҢҒОЛИЯДАҒЫ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙТА ҚҰРУЛАР

Омаш Салима Болатқызы

salima.omash@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Қ.И. Қобландин.

Билік революциялық күштердің қолына өткеннен кейінгі алғашқы 3-4 жыл Моңғолияның жаңа тарихындағы ерекше, аса қиын кезең болды. Сыртқы саясат тұрғысынан бұл Моңғол мемлекетінің халықаралық-құқықтық мәртебесіндегі айқын белгісіздік кезеңі еді. Жаңа үкімет Қытайдан бөлінгенін жариялады, бірақ Сыртқы Моңғолияның тәуелсіздігін ешкім, тіпті заңды түрде - Кеңестік Ресей де қабылдамады. Ішкі саяси тұрғыдан алғанда, экономикада, мәдениетте, қоғамдық қатынастарда реформаларды жүзеге асыру жолында алғашқы қадамдар жасайтын кез келді. Бұл туралы С.Л.Кузьмин егжей-тегжейлі жазады: «1921 жылы шілдеде билікке келгеннен кейінгі халықтық үкіметтің алғашқы шараларының бірі бұрынғы Қаржы министрлігінің ер адамдардан екі ландық салық салу жөніндегі жобасын ауыртпалық ретінде жою болды. Хошундардың, аймақтардың, шабыстардың сауда фирмаларына қарыздары орталықтың рұқсатымен ғана төленетін. Ламалардың жыл сайынғы үлкен жиналысы кезінде (10 000 адам) астаналық монастырьларға міндетті түрде садақа беру дәстүрі жойылды, тек ерікті қайырымдылыққа рұқсат етілді. Орталық және губерниялық мекемелердегі министрлерге, шенеуніктерге, хатшыларға күн сайын тегін жылқы беру тоқтатылды» [1, 237 б].

1921 жылы шаш өруді ерлерге, содан кейін әйелдерге де өткен ғасыр дәстүрі ретінде мойындатты. Жаңа үкіметтің премьер-министрі Д.Бодо жарлық шығарды, оған сәйкес әйелдер шаштарын қысқа қыркуға, інжу-маржан тақпауға, үйленген әйелдерге үлкен дәстүрлі шаш үлгілерінің алып тастауға міндеттеді, ал күміс шаш қыстырғыштарының салмағы бес ланнан аспауы керек еді [1, 240 б]. Ревсомол (МХР жастарының революциялық одағы) өрімді кесуді, әйелдердің бас әшекейлерін кішірейтуді және киім ауыстыруды жақтады. Бұған жауап ретінде князьдер мен ламалар революциялық жастардың ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіптер мен дәстүрлерге қарсы екендігі туралы үгіт бастады. Богдо-геген тиым салушылар құдай нығметінен айырылғандығын жариялады. Бұл одаққа жаңа мүшелердің келуін тоқтатуға жеткілікті болды. Содан кейін олар өрімдерді өз еркімен алып тастауға болады деп шешті.

Сондай-ақ 1921 жылы шілдеде княздік сот пен полиция жойылып, олардың орнына халық соты мен полиция – жаңа мемлекеттік аппараттың органдары құрылды [2, 72 б]. Богдо Гегеннің билігін азайтып, өз билігін нығайту мақсатында Халық үкіметі 1921 жылы 7 тамызда жарлық шығарды. Ол бойынша шекаралас облыстардың беделді тұлғалары мен

әскери округтер қолбасшыларының тікелей Богдо Гегенге бағыну құқығын жойды: енді олар тек үкімет арқылы ғана есеп бере алатын болды.

Сонымен бірге жаңа билік органдары әкімшілік құрылымның алдыңғы кезеңдерінде қызметте болған будда шіркеуі мен шенеуніктердің мемлекеттік істерге одан әрі ықпал етуін шектеу үшін алғашқы шараларды қабылдады. 1921 жылы 3 тамызда Халық үкіметі Цин дәуірінде Джамсранжав Дилова-Хутухтаға берген Самади-бағшы атағын жойды. Қараша айында Унгерннің Моңғолияда болған кезіндегі атақтар мен наградалар туралы хаттар мен мөрлерді тәркілеу туралы шешім қабылдады: Дуйнхор-да-Лама, Ноён-Хутухты, Чин-Бишерелту-Хутухты, Номун-хан, т.б. 1921 жылы 13 қазанда Богдо Гегеннің шабинарларын ұлаға қызмет ету үшін бөлу туралы жарлық шықты (мемлекеттік арбаларға тапсырыстарды орындау міндеті) [1, 237 б].

1921 жылы 6 қазанда үкімет салтанатты киімге қатысты сұрақтарды «бас Богдо-хан сарайында және Шабын бөлімінің көптеген жоғары ламалары, жақын беделді адамдар және т.б. Богдо ханның қалауы бойынша шешілетіндігін жариялады. Кіші ламаларға келетін болсақ, мәселенің шешімін өз еріктеріне қалдырды» [1, 240 б]. Үкімет министрлеріне кәдімгі моңғол киімімен жұмысқа келуге рұқсат етілді. Князьдерден бастап нөкерлеріне дейін бас киімдерге (ерекше белгілері) қауырсын тағу жойылды. 1921 жылы 29 қазанда Богдо Геген шенеуніктердің киім формасын қалпына келтіру туралы жарлық шығарды. Алайда 12 қарашада бас киімдерге шар түріндегі ерекшелік белгілерін және князьдік құрмет белгілерін тағу жойылды [3, 80 б]. Теократиялық монархия кезінде Моңғолияда салтанатты іс-шараларға үлкен мән берілгенін ескере отырып, біз санамалап өткен жаңа биліктің оқиғалары ел үкіметінде маңызды қоғамдық-саяси рөл атқаруы керек еді.

Сонымен бірге 1920 жылдардың басындағы Сыртқы Моңғолиядағы жаңа биліктің ішкі жағдайы қиын болып қалды. Бұл тұрғыда, басты мәселе - Моңғолия халқы арасында, әсіресе, орталықтан алыс аймақтарда, МХР мен қалыптасқан үкімет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың айқын болмауы. 1921 жылдың қыркүйегіне қарай партияның құрамында Үрге мен Алтанбұлақта бар болғаны 100-ге жуық адам және губернияларда 50-60 мың адамдық бір ұяшық болды [1, 240 б]. Моңғолияның солтүстік өңірінде де Алтан-Бұлақтағы уәкілетті МХП билігімен дерлік тәуелсіздікке ие болған хошун княздары нақты билікке ие болды. Олардың қолында негізгі мәселелер: жерді жалға беру, салықтар мен ренталарды жинау болды [1, 240 б]. Сондықтан қарастырылып отырған кезеңде «қызыл моңғолдардың» саяси басшылығы әлеуметтік төменгі таптардың қолдауына ие болуға тырысып, сонымен бірге дәстүрлі әлеуметтік элиталармен қақтығысты болдырмауға тырысты. Будда дінбасыларының, ақсүйектер мен «ескі» шенеуніктердің әкімшілік ықпалын шектеудің жоғарыда келтірілген мысалдары біршама эпизодтық сипатта болды және кең саяси науқандарға айналмады. Оның үстіне, С.Л. Кузьмин, 1921 жылы қыркүйек-қазан айларында «Моңғолия халқының барлық топтарының» жиналыстары «сыртқы жаумен күресу және Моңғолияның мемлекеттік мүдделерін қорғау үшін біртұтас ұлттық майдан» құру мақсатында өтті [1, 240 б].

1923 жылы Моңғолия үкіметі «Жасақтар мен қызметші княздар туралы» жарлық шығарды. Онда халық, мемлекеттілік және Сары сенім дұшпандары «Халық үкіметі князьдік институтын жоюды көздеп отыр» деп әдейі жалған ақпарат таратқаны» айтылған [2, 73 б]. Әйтсе де, князьдер әділетсіз қуғын-сүргінге ұшырамады және атақтарынан айырылмады - оның үстіне олардың кейбіреулері халық билігінде жұмыс істеді. Барлық хошун билеушілері (жасақтар) өз қатарларында бекітіліп, оларды «жасақ-дарға» деп атайтыны анықталды. Жасақтардың қызметінің ережелері енгізілді. Олар қатыгез өмір

салты, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қанау, дінге зиян келтіру үшін жазалануы мүмкін. Өз еркімен қызметінен кеткен жасақтар қызмет етпейтін тұқым қуалайтын князьдер санатына ауыстырылды, ал үкімет олардың ақсүйектер дәрежесін бір сатыға көтерді. Егер жасақ-дарға қызметі босаса, сол құқықтарды пайдалана отырып, халық басшысы тағайындалды. Жасақ-дарғаның үлкен ұлы, сайланған-сайланбағанына қарамастан, ата-анасының атағын алған. Жасақ-дарға істі өз бетінше шешуге құқығы жоқ: олар хошун халық жиналысында немесе хошун халық әкімшілігінің шенінде шешілді. Жиналыстарда жасақ-дарға төрағалық етті. Оларды тек Әділет министрлігі соттай алды, ал қызмет етпейтін княздар мен тайжылар араатар сияқты жалпы сотқа тартылатын еді. Жазасын өтеу кезінде олардың ешқайсысы артықшылықтарды пайдаланбады [3, 85-86 б].

1921 жылы 4 тамызда Б.З.Шумяцкий Г.В.Чичеринге жаңа моңғол әскерін ұйымдастыру жобасын жіберді. Осыны ескерген Халық үкіметі 5 тамызда әскерді ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. 19 жастан асқан адамдар, оның ішінде ескі армия құрамындағы моңғол бөлімшелерінде қызмет еткендер армияға шақырылды, төңкеріске дейінгі сияқты монастырларға тағайындалған ламалар олардың қатарына жатпады. Моңғолияның қарулы күштерінің жалпы саны 1922 жылы 1 мамырда 3012 адамды құрды, оның ішінде Богдо Гегеннің жеке күзеті – 125 адам. Елдің батыс аймақтарында орналасқан бөлімшелер мен бөлімдерде дезертирлеудің жоғары деңгейі байқалды - бүкіл жеке құрамның 1/3 бөлігіне дейінгі санға жетті [1, 245 б].

Моңғолияның революциялық әскери кеңесінің төрағасы (1921 жылдың қыркүйегінен 1925 жылдың қазанында КСРО-ға кеткенге дейін), МХП Орталық Комитетінің мүшесі және Халық үкіметі президиумының мүшесі, Ұлы және Кіші Хуралдардың мүшесі болып Э.Д.Ринчино тағайындалды. Әскери сипаттағы мәселелердің барлығы дерлік кеңестің құзырында болды және оның төрағасына Моңғол әскерінің бас қолбасшысы Д.Сухэ-Батор мен Хатан-Батордың әскери министрі С.Максаржав тікелей бағынышты болды. 1923 жылы Д.Сухэ-Батор қайтыс болғаннан кейін Ринчино ұлы билікті өз қолына шоғырландырды. Жоғарыда айтылғандай, Моңғолия басшылығының құрамында ол солшыл болып саналды, яғни түбегейлі реформаларды, социализмге қарай қозғалысты, партияның рөлін күшейтуді, Коминтернге және КСРО-ға толық бағдарлауды жақтады.

1922 жылы шілдеде Моңғолияда Кеңестік Ресейдегі БТК (Бүкілресейлік төтенше комиссия) үлгісінде Мемлекеттік ішкі гвардия (МІГ) құрылды. 1923 жылдың сәуірінен 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Ринчиноның жақтаушысы, буряттар К.К. Баторун МІГ басшысы болып жұмыс істеді [2, 72 б]. С.Л. Кузьминнің айтуынша, бұл құқық қорғау құрылымы «Әскери кеңеске толық бағынатын, дәлірек айтсақ, Ринчино әскери кеңесіне бағынатын» болды [1, 245 б]. Жоғарыда айтылғандай, МІГ үкіметке қарсы қастандықтарды ашуда үлкен рөл атқарды. Ол жаңа үкімет режимінің саяси-әкімшілік тұрақтылығын қамтамасыз еткен және Кеңес елшілігінің кеңесшілері мен Коминтерннің бақылауында және тығыз байланыста болған негізгі мемлекеттік институттардың бірі болды.

1922-1923 жж. шіркеудің кірісін азайтуға және оның ықпалын шектеуге бағытталған үкімет қаулылары шығарылды: 1922 ж., 5 мамыр – «Діни мақсатта халықты мәжбүрлеп бопсалауды» жою туралы; 21 және 27 сәуір, 19 мамыр, 5 шілде – «Бат-Оршыл» рәсімі мен басқа да жоралғыларды өткізуге арналған хабаршылар мен шығындарды азайту туралы; 1923 ж; 19 қаңтар - Богдо хан мекемелерінің қажеттіліктері үшін жылқы санын шектеу туралы; 1923 жылдың 22 қаңтары – 2 ақпаны аралығында үкімет монастырлардағы мерекелік іс-шараларға отын әкелуге тек өз қаражатын жұмсауға рұқсат берді, бұл мақсаттарға автономия кезінде енгізілген мемлекеттік қаражат алып тастады. 1923 жылы 1

және 12 ақпанда МХП Орталық Комитетінің Президиумы Ұлы Шабы партия комитетінің өтінішін қанағаттандыру туралы Ішкі істер министрлігінен тиісті ұйымдарға қаулы мен нұсқау берді. Ол бойынша: Будда монастырларына жаңа жылдық құрбандықтарды азайту, шанзотба мен да лама шығындарын азайту керек еді; 2 ақпан – монастырьлардың шанзотбелері мен аббаттарына мемлекеттік жалақыны алып тастау; 5 сәуір – бұрынғы үкіметтің шешімі бойынша Ұлы шабыға қазынадан жыл сайын бөлінуі тиіс болатын қаражатты 60 мың ланға қысқарту; 24 мамыр - ламалардың кейбір артықшылықтарын жою және оларды жұмысқа қабылданған адамдармен теңестіру; 7 маусым – Ұлы Шаби партия комитетінің монахтар өз қалауынша басқа жерлерге барып, еңбек етсін деген өтінішін қанағаттандыру; 24 тамыз - Богдо-хан-ула, Отгон-Хайрхан-ула және Хан-Хентей тауларын құрметтеу рәсімдерін өткізуге арналған қаражатты қысқарту; 20 қазан – Ұлы шабыға мемлекеттен бөлінген қаржыны қысқартуы керек болды [4, 103, 105, 113-114, 172-175 бб].

Алайда, бұрын буддалық монастырьларға бөлінген мемлекеттік қаржының айтарлықтай қысқарғанына қарамастан, 1921-1924 ж.ж. мемлекет шіркеу қажеттіліктері үшін белгілі бір қаражат бөлді. Богдо Гегеннің сарайлары мен монастырларын, асханаларын, қызметшілерін жиналыстар, оқулар өткізуге, жөндеуге мемлекет қазынасынан қаражат бөлу төрт облыс пен шаби адам санына сәйкес жүзеге асырылсын деген 1924 жылы 7 маусымда МХП Орталық Комитетінің 25 пленумы қаулы шығарды [1, 246-247 бб]. Шіркеу істеріне мемлекеттің қатысуы тек Богдо-Геген және будда монастырлары сотының шығындарынан ғана емес, сонымен бірге кейбір әкімшілік шіркеу қызметтеріне дін қызметкерлерін тағайындаудан да тұрды.

1923 жылы 8 шілдеде жаңа үкімет Шабын бөлімі туралы ережені бекітті. Онда жергілікті өзін-өзі басқару органдары «халық өкілдерінен сайланбалы негізде» — зайырлы және рухани иерархиялардағы лауазымына қарамастан, сайлау құқықтары тең, сайлау мен басқаруды реттей отырып, сондай-ақ Эрдэнэ-шанзотбаның функцияларын анықтаумен, халық өкіметіне есеп беруін қатаң міндеттей отырып құрылды. Осылайша, шаба құрылымдарын үкімет бақылауына алу және оларға теократияның билігін азайту шараларына ерекше назар аударылды [1, 246 б].

1922 жылы Моңғолияның премьер-министрі болып буддистердің ең жоғарғы иерархтарының бірі Дамдинбазар Жалханца-хутухта тағайындалды. Оның тағайындалуына Моңғолияның жаңа саяси басшылығының және олармен байланысқан Коминтерн мен Кеңестік Ресей үкіметінің өкілдерінің жаңа үкіметтің дінге шабуылы туралы қауесеттерді жоюға ұмтылысы себеп болды. Бұл жағдайдың рухани княздар, халық үкіметі дін істеріне араласатындығы туралы қауесет таратуы нәтижесінде ерекше маңызға ие болды [1, 241 б]. 1923 жылы 16 маусымда Дамдинбазар премьер-министр ретінде халықты езгіден азат ету, мемлекеттілікті, билік пен дінді қорғауды мақсат етіп, мемлекет ісінде «төменнен келген» сынмен санасу керектігі туралы құжат шығарды [1, 248 б].

1923 жылы Моңғолия мен РКФСР арасында сауда келісімі жасалды. Іс жүзінде өзінің ресми билігінің бақылауынан тыс қалған шетелдік, ең алдымен қытайлық капиталдың моңғол нарығында үстемдік етуді жалғастыруын ескере отырып, екі елдің үкіметтері Моңғолия аумағында кеңестік сауда ұйымдарының жұмыс істеуі туралы келісімге келді. Келісімге сәйкес Моңғолдық Сибгосторг, Центросоюз және басқа да кеңестік мемлекеттік және кооперативтік коммерциялық құрылымдардың өкілдіктері жұмыс істей бастады. Осымен қатар 1924 жылы маусымда Үргеде Моңғолияның өнеркәсіптік сауда банкі құрылып, оның бөлімшелері Қобдо, Ұлысұтай, Алтан-бұлақта ашылды. Айта кету керек, банк басшылығы негізінен ресейлік мамандардан және бір ғана моңғолдан құралған.

Моңғол тарихшысы Баабар қаржы секторында банк монополиялық мәртебеге ие болғанын, оның акционерлері бір жағынан Моңғолия үкіметі, екінші жағынан Кеңестік Ресейдің Мемлекеттік банкі мен Қаржы халық комиссариаты болғанын айтады. Моңғол үкіметі айналысқа ұлттық ақша бірлігі Тугрикті шығарды [5, 246 б]. Бұл ақша бірлігін шығару Кеңес Одағы кезіндегі айналымдағы червонецтерді шығару сияқты ережелерге бағынды. Тугрик құнын КСРО Моңғолияға берген активтермен қамтамасыз етті [5, 246 б].

1923 жылы 5 қазанда Халық үкіметі «Халықтық Моңғолияның конституциялық монархиясы туралы Мемлекеттік Хуралдың Ережесін» және «Мемлекеттік Хуралды құру туралы Ережені» қабылдады. Бұл ережелер Мемлекеттік Ұлы Хуралды ең жоғары мемлекеттік биліктің құралы ретінде айқындап, оның артықшылықтарын, сессияларды шақыру ережелерін және дебаттарды өткізу ережелерін белгіледі [6, 168 б]. Осылайша, Моңғолияда заң шығару деңгейінде, жалпы алғанда, құрылымы, мәртебесі және саяси жүйедегі орны бойынша кеңестік үлгілерді көшірген мемлекеттік биліктің өкілді органдарының прототипі құрылды. 1923-1924 жж. жергілікті әкімшілік реформалар жүргізілді. Бұрын басқарған моңғол ақсүйектерінің өкілдерінің лауазымдарына сәйкес атаулары бар төрт аймақ пен 116 хошун олардың әрқайсысының аумағында орналасқан ең көрнекті географиялық нысандардың атауларына сәйкес қайта аталды [6, 168 б].

Жалпы, біз пайдаланған тарихи зерттеулердің материалдары 1921 жылғы революциялық оқиғалардың және одан кейінгі Халық үкіметінің қайта құруларының негізгі саяси нәтижесі ұлттық Моңғол мемлекетінің әкімшілік құрылымдарын қалпына келтіру болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, орын алған өзгерістер ХХ ғасырдың ортасы мен екінші жартысында орын алған моңғол қоғамының негіздерін одан әрі түбегейлі өзгертудің алғышарттарын құрды. Сыртқы Моңғолияда жаңа мемлекеттіліктің пайда болуы бұрын Моңғолияға автономия кезінде тән болған теократияның толық көшірмесі емес еді. Дәл осы қайта құру, өз кезегінде, қазіргі тәуелсіз Моңғол мемлекетінің негізін қалады [7, 97 б].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С. Л. Кузьмин, Теократическая государственность и буддийская церковь Монголии в начале ХХ века. Москва : изд. КМК, 2016. – 496 с.
2. Б. Лхамсурэн, Очерки монгольской народно-революционной партии. Ин-т обществ. наук при ЦК МНРП ; Ред. комис.: Б. Лхамсурэн и др. - 3. изд., испр. и доп. - Улан-Батор : Госиздат, 1987. - 519 с.
3. Б. Ширендыб, Народная революция в Монголии и образование МНР (1921-1924). – М.: Изд-во АН СССР, 1956. – 158 с.
4. Революционные мероприятия народного правительства Монголии в 1921-1924 гг.: Документы: [Пер. с монгол.] / Сост. Ц. Насанбалжир; Ред. Ц. Пунцагноров ; Акад. наук СССР. Ин-т востоковедения. - Москва : Изд-во вост. лит., 1960. - 211 с.
5. Баабар, История Монголии: от мирового господства до советского сателлита. Пер. с англ. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2010. – 543 с.
6. О. Батсайхан, Монгол ундэстэн бурэн эрхт улс болох замд (1911-1946), х. 168.
7. Д. Ткач, Внешняя Монголия в 1921-1924 гг.: очерк политической истории. Санкт-Петербург, 2018. 102 с.